



# Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**  
ойдан бизнеске дейін  
Copyright © 2005

# Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

---

## Сұрақтар және жауаптар

### 1) Бұл төлем түрі не үшін алынады?

Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлемақы байланыс саласындағы уәкілетті орган бөлген радиожиілік спектрінің номиналдары (белдеулері, диапозондары) үшін алынады.

Радиожиілік спектрін пайдалану құқығы байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берген рұқсат құжаттармен куәландырылады.

Радиожиілік спектрінің номиналдарын бөлу конкурстық негізде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізілуі мүмкін.

Бұл орайда, конкурс қорытындылары бойынша жеңімпаз Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мөлшерде мемлекеттік бюджетке біржолғы төлемақы енгізеді.

### 2) Кімдер төлемақы төлеушілер болып табылады?

- Заң актісінде белгіленген тәртіппен радиожиілік спектрін пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.
- Өздеріне жүктелген негізгі функционалдық міндеттерін орындау кезінде радиожиілік спектрін пайдаланатын мемлекеттік мекемелер төлемақы төлеушілер болып табылмайды.

### 3) Төлемақы ставкалары қандай?

Жылдық төлемақы ставкаларын Қазақстан Республикасының Ұкіметі белгілейді.

### 4) Есептеу мен төлеу және төленген төлемақы сомасын қайтарып алу тәртібі қандай?

Төлемақыны есептеуді байланыс саласындағы уәкілетті орган рұқсат құжаттарында көрсетілген техникалық параметрлерге сәйкес, радио байланысының түрі мен радиожиілік спектрін пайдалану аумағына қарай, жылдық ставкалар негізінде жүргізеді.

Есепті салық кезеңіндегі радиожиілік спектрін пайдалану кезеңі бір жылдан кем болған жағдайда төлемақы сомасы жыл бойына есептелген төлем сомасын он екіге бөліп, оны радиожиілік спектрі пайдаланылған айлардың санына көбейту арқылы анықталады.

Байланыс саласындағы уәкілетті органдар төлемақының жылдық сомасын көрсетіп хабарлама жазады және оны төлеушілерге ағымдағы есепті кезеңнің 20-ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде жібереді.

Радиожиілік спектрін пайдалану құқығын куәландыратын рұқсат құжатын белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, байланыс саласындағы уәкілетті орган салық төлеушіге төлемақы сомасын көрсете отырып, салық төлеуші радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат алған айдан кейінгі айдың 20-нан кешіктірмей хабарлама жібереді.



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**

ойдан бизнеске дейін  
Copyright © 2005

# Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

---

Жылдық төлемақы сомасы салық төлеушінің тіркеу есебінде тұрған жері бойынша бюджетке ағымдағы жылдың 20-наурызынан, 20-маусымынан, 20-қыркүйегінен және 20-желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімдерде тең үлеспен төленеді.

Радиожиілік спектрін пайдалану құқығын куәландыратын рұқсат құжатын осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, рұқсат құжатын алған күннен кейінгі кезекті мерзім алғашқы төлеу мерзімі болып табылады.

Артық төленген төлемақы сомасы осы төлемақы бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдарды ақы есебіне есепке жатқызу жүргізілгеннен кейін осы төлемақы бойынша алдағы төлемдегі есебіне есепке жатқызылуға немесе салық төлеушінің өтініші бойынша оның банк шотына аударылуға тиіс.

## 5) Салық кезеңі қалай белгіленген?

- Іс жүзіндегі салық төлеушілер үшін - күнтізбелік жыл
- Егер ұйым күнтізбелік жыл басталғаннан кейін құрылса, оның құрылу күнінен бастап күнтізбелік жылдың аяғына дейінгі уақыт кезеңі ол үшін бірінші бірінші салық кезеңі болып табылады.
- Егер ұйым күнтізбелік жылдың аяғына дейін таратылса, қайта ұйымдастырылса, жыл басталғаннан бастап тарату, қайта ұйымдастыру аяқталған күнге дейінгі уақыт кезеңі ол үшін соңғы салық кезеңі болып табылады.

## 6) Салық есептілігінің қай түрі тапсырылады?

Ағымдағы төлемдер сомасының есеп-қисабы есепті салық кезеңінің 15-наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде табыс етіледі.

Радиожиілік спектрін пайдалану құқығын белгіленген мерзімнен кейін алған жағдайда, салық төлеуші ағымдағы төлемдер сомасының есебін байланыс саласындағы уәкілетті органның жазып беретін хабарламасын алған айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей табыс етеді.

Декларация есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 31-наурызынан кешіктірілмей табыс етіледі.



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**

ойдан бизнеске дейін  
Copyright © 2005

# Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

---

## Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай. Бөлім № 16

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



# Радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем

Шағын және орта кәсіпорындарға арналған практикалық ақпарат

---

## СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

*Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!*

---

### Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
  - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
  - Салық есебін құру және тапсыру
  - Қаржыны жоспарлау
- 

*Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.*

*Байланыс адресі:*

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева  
«СодБи» Бизнес-инкубаторы  
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент  
Тел. +7 (3252) 570378, 512003  
e-mail: [L.ismatullayeva@sodbi.kz](mailto:L.ismatullayeva@sodbi.kz)  
Веб-сайт: [www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)*



[www.sodbi.kz](http://www.sodbi.kz)

**СодБи Бизнес-инкубаторы**  
ойдан бизнеске дейін  
Copyright © 2005